

## Бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының түлектерін - жастарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар ұйымдастыру туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 19 маусымдағы N 10/06 қаулысы. Қарағанды облысы Нұра ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 08 шілдеде N 8-14-98 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 7 шілдедегі N 12/09 қаулысымен

***Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2010.07.07 N 12/09 қаулысымен.***

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңына сәйкес, халықты жұмыспен қамтуға қолдау көрсету жөніндегі шараларды кеңейту мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жастар практикасына жұмысқа орналастыру - бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының түлектерін - жастарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар ретінде анықталсын.

2. Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (бұдан әрі – уәкілетті орган) еңбек нарығында қалыптасқан жағдайды және жұмыссыз жастардың құрамын еске ала отырып, Жастар практикасына жіберу үшін, бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарын бітірген (бұдан әрі – кәсіби оқу орны) жұмыссыздардың санын анықтасын.

3. Жастар практикасы жеке меншік нысанына қарамастан, ауданының кәсіпорындарында, мекемелерінде және ұйымдарында (бұдан әрі – жұмыс беруші) ұйымдастырылады және жүргізіледі. Уәкілетті орган жұмыс берушілермен шарт негізінде өзара іс-қимыл жасайды. Шартта жұмыс беруші жұмысқа қабылданатын жұмыссыздарды жұмысқа қабылдау санын, мамандық тізімін (мамандық) қарастырады, қажет болса кәсіби дайындық, кәсіби білімі Жастар практикасына қатысушыларын кәсіби біліммен және дағдымен оларды сәйкес мамандығымен қамтамасыз ету міндеттері бойынша жұмысқа қабылдайды. Жұмыс беруші, жұмыссыздарға уақытша жұмыс орындарын беруге тілек білдіруші – Жастар практикасы шеңберінде Кәсіби оқу орындарын

бітірушілеріне Уәкілетті органмен тиісті шарт жасасады.

4. Оку орнын аяқтағаннан кейін алған мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ Қесіби оку орындарындағы түлектердің Жастар практикасына қатысуға құқығы бар.

5. Жастар практикасын өткізу бойынша іс-шараларды қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты, республикалық бюджеттен нысаналы трансфертер есебінен жүзеге асырылады.

Жастар практикасына қатысушылардың еңбек төлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы "Мемлекеттік басшының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңарту мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 264 Қаулысына сәйкес 15 мың теңге мөлшерінде нақты жұмыс істеген уақытына Уәкілетті органмен жүргізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Зара Ахметжанқызы Даутоваға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

C. Шайдаров